



Шілде айының екінші он күндiгiнде Астана қаласының Тотенше жағдайлар департаментi қызметкерлерi мен ООАЖКЖ судағы тотенше жағдайлардың алдын алу үшін кезектi рет елордалық су тоғандарды айналып оттi: Нұра-Есiл каналының су тоғандарында рейд откiзiлдi, қала бойынша Есiл озенiнiң арнасында жvзуге тыйым салынған орындарға қойылған белгiлер және суга шомылушылардың бар-жоқтығына тексеру жүргiзiлдi. Есiл озенiнiң арналарында, Қоянды аулындағы жағажайға, Қыйғенжар және Коктал ауылдарындағы рұқсат етiлмеген жерлерге келушiлерге үстiмiздегi жылдың 16 шiлдесiнде қалалық ТЖД күштерiмен, ООАЖКЖ және жергiлiктi полиция қызметкерлерiмен бiрге профилактикалық iс-шаралар откiзiлдi. Демалушылармен әнгiмелесулер жүргiзiлiп, судағы қауiпсiздiк ережелерi туралы жадынамалар таратылды. Қоянды су қоймасындағы жағалаудың әкiмшiлiгi оқiлдерiмен кездесу барысында құтқарушыларымыз оларға қауiпсiздiк қабырғасына iлетiн «Судағы қауiпсiздiк ережелерi туралы» жадынамалар мен плакаттар бердi. Әкiмшiлiк өздерiнiң қауiпсiздiк туралы ережелер қабырғасын солар арқылы жанартты. Аталмыш мәлiметтерден демалуга келушiлер судағы қауiпсiздiк ережелерiмен танысып, тотенше жағдайларды болдырмауға тырысатын iс-шараларды қаперлерiнде ұстайтын болады және суга шомылу барысында зардап шеккендерге алғашқы дәрiгерге дейiнгi көмек көрсетудi үйрене алады.

